

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ уақытша бос лауазымға тағайындау үшін ашық конкурс жариялайды.

06.02.2024 жыл

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ-нің уақытша бос білім беру ұйымының ұйымдастырушы-педагогі (негізгі қызметкердің жүктілік және босану кезеңіне 06.02.2024 -10.06.2024 ж.), жүктемесі бір штаттық бірлік.

Мекен жайы: 030200 Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Ленин көшесі, 128, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ. Байланыс телефоны: 8(71337)4-43-08, 87788065290. Электрондық почта: shkola_1_alga@mail.kz. Мектеп сайты: <https://alga1.edu.kz>

2. Негізгі функционалдық міндеттері:

1. Педагог кадрлармен жұмыс

2. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, әдістемелік пән бірлестіктерімен жұмыс;

3. Көрсетілген мемлекеттік қызметтер сапасы бойынша есептер тапсыру;

4. Педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру курстарынан өтуін ұйымдастыру;

5. «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесімен жұмыс жүргізу;

6. Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру, жүргізу;

7. Мемлекеттік білім беру ұйымының педагогтерін жұмысқа қабылдау бойынша конкурс ұйымдастыру;

8. «Жетекші мектеп» жұмысын ұйымдастыру және қадағалау.

9. Педагог кадрларды аттестаттауды ұйымдастыру.

білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін, мүдделері мен қажеттіліктерін зерделейді, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасайды;

таланттарды, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

клубтар, үйірмелер, секциялар, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, білім алушылармен, тәрбиеленушілермен жеке жұмысты, дебаттарды, мектеп парламентін ұйымдастырады;

ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың бірін басқарады;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал етеді;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің кештерін, мерекелерін, жорықтарын, экскурсияларын, каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды;

балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады;

іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Алға мектеп-бақшасы» коммуналды мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушы-педагогі үшін 100 000 – 110 000 теңге аралығын құрайды.

3. Кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары: тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі-кемінде 5 жыл.

4. Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі: **07.02.2024-15.02.2024 ж.**

5. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электронды немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

11) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

6. Педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі: 06.02.2024-10.06.2024 жыл

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Көрсетілген міндетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттардың құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік талаптарымен бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.

Біліктілік талаптарына сәйкестікке кандидаттардың құжаттарын қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес бағалау парағында кандидат көрсеткен балдарды есептеуді жүзеге асырады.

Конкурс қорытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балдары негізінде қабылдайды.

Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өткен болып есептеледі және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысына тағайындауға ұсынылады. Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметке тағайындауға кандидат айқындалады.

Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар қажетті құжаттарын осы хабарландыру «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланған соңғы күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде мына мекен-жайға тапсыруы қажет:

Алға қаласы, Ленин көшесі, 128-үй, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ.

Анықтама телефондары: 8(71337)4-43-08, 87788065290. Электрондық почта: shkola_1_alga@mail.kz. Мектеп сайты: <https://alga1.edu.kz>, мектеп инстаграмы: [@alga_1mektep](#).

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату қағидаларына
15-қосымша
Нысан

конкурс жариялаған мемлекеттік
орган

(үміткердің Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос / уақытша бос лауазымдық конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын (қажетінің астын сызыңыз).

білім беру ұйымның атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

білім беру ұйымның атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы келесіні хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейін

Оқу орнының атауы	Оқыту кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (беру (растау) күні): _____

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелері бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы,
сондай-ақ қосымша мәліметтері (бар болса):

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші басшылары
мен педагогтерін
лауазымға тағайындау, лауазымнан
босату Қағидаларына 16-қосымша
Нысан

Бос немесе уақытша бос педагог лауазымына үміткердің бағалау бағалау парағы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіби = 1 балл Жоғары күндізгі = 2 балл Жоғары күндізгі үздік = 3 балл Магистр = 5 балл
2.	Ғылыми/академиялық дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	PHD-доктор = 10 балл Ғылыми доктор = 10 балл Ғылыми кандидат = 10 балл
3.	Жұмыс өтілі жоқ үміткерлер үшін сертификаттау	Сертификат	"Педагог" біліктілік санаты - 5 балл
4.	Біліктілік санаты	Жеке куәлік, басқа құжат	Екінші санат = 1 балл Бірінші санат = 2 балл Жоғары санат = 3 балл Педагог-модератор = 3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог-зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл
5.	Әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	Еңбек кітапшасы/еңбек қызметін растайтын басқа да құжат	Әдіскер (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 1 балл Директордың орынбасары (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 3 балл директор (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 5 балл
6.	Алғаш рет жұмысқа тұрған педагогтер үшін	Білімі туралы дипломның қосымшасы	Педагогикалық/ кәсіби тәжірибенің нәтижелері "өте жақсы" = 1 балл "жақсы" = 0,5 балл
7.	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) немесе оқу орнынан ұсыныс хат	Ұсыныс хат (Конкурсты өз бетінше жариялаған білім беру ұйымы соңғы жұмыс/оқу орны бойынша ұйымға/оқу мекемесіне өтініш жасайды)	Оң ұсыныс хатының болуы = 3 балл Теріс ұсыныс хатының болуы = минус 3 балл

8.	Кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері	<p>- дипломдар, білім алушылардың олимпиадалар және конкурстар, ғылыми жобалар бойынша жеңімпаздардың грамоталары;</p> <p>- дипломдар, мұғалімнің олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздарының грамоталары;</p> <p>- мемлекеттік награда</p>	<p>олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары = 0,5 балл</p> <p>ғылыми жобалардың = 1 балл</p> <p>олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары - 3 балл</p> <p>"Үздік педагог" конкурсына қатысушы = 1 балл</p> <p>"Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы = 5 балл</p> <p>"Қазақстан еңбек сіңірген ұстазы" медаль иегері = 10 балл</p>
9.	Әдістемелік қызметі	-авторлық шығармалары, басылымдары	<p>ҚР ОАМ тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 5 балл</p> <p>РОӘК тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 2 балл</p> <p>БССҚЕК, Scopus тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы - 3 балл</p>
10.	Қоғамдық-педагогикалық қызметі	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат	<p>тәлімгер = 0,5 балл</p> <p>ӘБ басшылығы = 2 балл</p> <p>Екі тілде сабақ беру, орыс/қазақ = 2 балл</p> <p>шетел/орыс немесе шетел/қазақ = 3 балл,</p> <p>үш тілде сабақ беру (қазақ, орыс, шетел) = 5 балл</p>
11.	Курсқа дайындық	<p>- пәндік дайындық сертификаттары;</p> <p>- цифрлық сауаттылық, КАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF сертификаттары; Goethe Zertifikat, "Python тілінде бағдарламалау негіздері" бағдарламалары бойынша оқыту, "Microsoft"</p> <p>Курсера жұмыстарына оқыту</p> <p>Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)" CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) "TKT Teaching Knowledge Test"</p>	<p>ПШО, НЗМ, "Өрлеу" курстары = 0,5 балл</p> <p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына сәйкес тізбеге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30068 болып тіркелген) = 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке)</p>

		<p>Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL" Certificate in teaching English for young learners International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC) IHCYLT - International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching Online Teaching for Educators: Development and Delivery Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers Курсы на платформе Coursera, Futute learn Teaching Mathematics with Technology Special Educational Needs "Developing expertise in teaching chemistry "</p>	
12.	<p>Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының түлегі, "Дипломмен ауылға!", "Серпін" мемлекеттік бағдарламаларының қатысушысы, Жұмыспен қамту орталығы жастар тәжірибесі бойынша жіберілген педагог</p>	<p>Мемлекеттік білім беру гранты иегерінің сертификаты, келісім-шарты</p>	3 балл қосылады
Барлығы:			